

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоныс аудару процесін реттеу мен қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімді іске асыру тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мен Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі арасындағы хаттамаға қол қою туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1289 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.29. N 437 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоныс аудару процесін реттеу мен қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімді іске асыру тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мен Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі арасындағы хаттамаға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоныс аудару процесін реттеу мен қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімді іске асыру тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мен Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі арасындағы Хаттама**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоныс аудару процесін реттеу мен қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы 1998 жылғы 6 шілдеде Мәскеу қаласында қол қойылған келісімді (бұдан әрі - Келісім) іске асыру тәртібін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мен Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - уәкілетті

органдар) Келісімнің 13-бабына сәйкес оны іске асыруға уәкілетті бола отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына қоныс аударғысы келетін Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына қоныс аударғысы келетін Ресей федерациясының азаматтары Келісімде айқындалған шарттар негізінде, осы Хаттамаға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша тиісінше:

а) Қазақстан Республикасының азаматтары - Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігіне немесе Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігіне;

б) Ресей Федерациясының азаматтары - Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы елшілігіне немесе Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігіне өтініш (бұдан әрі - өтініш) береді.

## **2-бап**

Келетін мемлекеттің уәкілетті органы немесе елшілігі тіркеуді және өтініштің Келісім шарттарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және оны кететін мемлекеттің уәкілетті органына келісуге жібереді.

## **3-бап**

1. Кететін мемлекеттің уәкілетті органы өтінішті қарайды, кетуге кедергі болатын жағдаяттардың бар немесе жоқ екендігі туралы өтінішке белгі қояды және оны келетін мемлекеттің уәкілетті органына немесе елшілігіне жібереді.

2. Кетуге кедергі келтіретін жағдаяттар болмаған жағдайда келетін мемлекеттің уәкілетті органы немесе елшілігі өтініш берген адамға осы Хаттамаға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгіде (қоныс аударуға) рұқсат береді .

3. Көшуге (қоныс аударуға) рұқсат беруден бас тартуды алған адам кетуіне кедергі болатын жағдаяттардың күші тоқтатылғаннан кейін қайтадан өтініш б е р у і н е б о л а д ы .

4. Уәкілетті органдар көшуге (қоныс аударуға) рұқсат алған адамдар туралы әрбір жарты жыл сайын ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

## **4-бап**

1. Кететін мемлекеттің уәкілетті органында өтінішті қарау мерзімі бір айдан аспауға тиіс.

2. Өтініште көрсетілген жағдаяттарды қосымша тексеру қажет болған кезде бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ бір айдан аспауға тиіс.

3. Өтінішті қарау мерзімі ұзартылған жағдайда кететін мемлекеттің уәкілетті органы бұл туралы келетін мемлекеттің уәкілетті органына немесе елшілігіне хабарлайды.

## **5-бап**

1. Көшуге (қоныс аударуға) рұқсат Келісімге сәйкес адамның тұрақты тұруға қоныс аударуын растайтын және қоныс аударушы мәртебесін растайтын құжат болып табылады.

2. Көшуге (қоныс аударуға) рұқсат берілген күнінен бастап бір жыл бойы жарамды болып табылады.

3. Уәкілетті орган қоныс аударуға рұқсат алған адамға осы Хаттамаға 3-қосымшаға сәйкес қоныс аударушы мәртебесін растайтын белгіленген үлгіде куәлік береді.

## **6-бап**

Уәкілетті органдар көшуге (қоныс аударуға) рұқсат беруіне байланысты өзара қаржылық есеп айырысуды жүргізбейді.

## **7-бап**

Көшуге (қоныс аударуға) рұқсат алған адам Келісімде көзделген құқықтар мен жеңілдіктерді пайдалана алады.

## **8-бап**

Келісімді іске асыруға байланысты және осы Хаттамада көзделмеген мәселелерді уәкілетті органдар өзара консультациялар арқылы шешеді.

## **9-бап**

Осы Хаттаманың ережелерін қолдануға және түсіндіруге байланысты дауларды уәкілетті органдар консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

## **10-бап**

Осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органдардың өзара келісімі бойынша енгізіледі және осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделеді.

## 11-бап

1. Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.
2. Осы Хаттама Келісім қолданылатын мерзім ішінде әрекет етеді.
3. Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда қоныс аударушы мәртебесін растайтын құжат, оның мерзімі аяқталғанға дейін жарамды болады.

2003 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, оның үстіне екі мәтіннің бірдей күші бар. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының* *Ресей Федерациясының*  
*Көші-қон және демография* *Ішкі істер министрлігі*  
*жөніндегі агенттігі үшін үшін*

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Ресей Федерациясының Үкіметі  
арасындағы Қоныс аудару процесін  
реттеу мен қоныс аударушылардың  
құқықтарын қорғау туралы  
1998 жылғы 6 шілдедегі келісімді  
іске асыру тәртібі туралы  
Қазақстан Республикасының  
Көші-қон және демография жөніндегі  
агенттігі мен Ресей Федерациясының  
Ішкі істер министрлігі арасындағы  
х а т т а м а ғ а

1-қосымша

Қазақстан Республикасының  
Ресей Федерациясындағы  
Е л ш і л і г і /  
Ресей Федерациясының  
Қазақстан Республикасындағы  
Елшілігі

**ӨТІНІШ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоныс аудару процесін реттеу мен қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге сәйкес маған және менің отбасымның мүшелеріне Қазақстан Республикасының/Ресей Федерациясының аумағына көшуге (қоныс аударуға) рұқсат беруіңізді сұраймын

Өзім туралы мыналарды хабарлаймын:

1. Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_  
(Егер бұрын тегі, аты, әкесінің аты басқа болған болса, оларды көрсету керек)

2. Туған күні, \_\_\_\_\_

3. Туған жері \_\_\_\_\_

4. Азаматтығы \_\_\_\_\_

5. Паспорты немесе жеке басын куәландыратын өзге құжаты (атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берген) \_\_\_\_\_

6. Білімі \_\_\_\_\_

оқу орнының атауы, бітірген күні, дипломы бойынша мамандығы

7. Кәсібі \_\_\_\_\_

8. Жұмыс орны \_\_\_\_\_

ұйымның атауы, лауазымы

9. Отбасылық жағдайы \_\_\_\_\_

10. Отбасы құрамы \_\_\_\_\_ адам \_\_\_\_\_

11. Менімен бірге қоныс аударуға ниеттенген отбасы мүшелері туралы мәлімет:

р/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Туыс. тық дәре.	Туған және жесі*	Туған және жері	Ұлты	Білімі (кәсібі, мамандығы)	Жұмыс орны, лауазымы (соңғы 5 жыл)

\* - туыстық дәрежесі өтініш берген адамға қатысты көрсетіледі.

12. Соңғы тұрғылықты жеріндегі мекен-жайы \_\_\_\_\_

13. Сіздің отбасыңыздың мүшелерінен кім бұрынғы мекен-жайда тұрып қалғысы келеді :

---

14. Отбасы мүшелерінің бәрі 12-тармақта көрсетілген мекен-жайда тұра ма \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (иә/жоқ), Егер "жоқ" болса, отбасы мүшелерінен кім және қандай өзге  
мекен-жайда тұратынын көрсетіңіз

---

15. Сіздің отбасының 16 жасқа жеткен мүшелерінің паспорты бар \_\_\_\_\_ ма  
(иә/жоқ). Егер "жоқ" болса, кімнің паспорты жоқ және қандай себептерге  
байланысты жоқ екенін көрсетіңіз

---

16. Сізге және/немесе Сіздің отбасыңызға бұрын қандай да бір көші-қонушы  
мәртебесі берілді ме \_\_\_\_\_ (иә/жоқ).  
Егер "иә" болса кімге қатысты, қандай мәртебе, қай мемлекетте, қашан  
берілгенін және қазіргі кезде сол мәртебенің сақталған-сақталмағанын көрсетіңіз

---

17. Сізге және/немесе Сіздің отбасыңыздың мүшелеріне Қазақстан  
Республикасынан Ресей Федерациясына/Ресей Федерациясынан Қазақстан  
Республикасына көшуге (қоныс аударуға) рұқсат берілді \_\_\_\_\_ ме(иә/жоқ).  
Егер "иә" болса, кімге, қашан берілгенін көрсетіңіз және ол рұқсат қазіргі кезде  
ж а р а м д ы м а

---

18. Сіз және/немесе Сіздің отбасыңыздың мүшелері орыс/қазақ тілін біле ме \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ ( и ә / ж о қ ) .

19. Сіздің және/немесе Сіздің отбасы мүшелерінің мүгедектігі бар ма \_\_\_\_\_  
( и ә / ж о қ ) .

Егер "иә" болса, кім және қай топта екенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_

20. Сіз және/немесе Сіздің отбасыңыздың мүшелері шақыру бойынша және/  
немесе келісім-шарт бойынша кететін мемлекетте әскери қызметте бар ма \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ ( и ә / ж о қ ) .

21. Сізге және/немесе Сіздің отбасыңыздың мүшелеріне Ресей Федерациясынан/  
Қазақстан Республикасынан кетуге мүмкіндік бермейтін жағдаяттар бар ма \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ ( и ә / ж о қ ) .

Егер "иә" болса, түсіндіріңіз \_\_\_\_\_

---

22. Сіз және/немесе Сіздің отбасыңыздың мүшелері қылмыстық жауаптылыққа  
тартылды ма \_\_\_\_\_ (иә/жоқ) \_\_\_\_\_

23. Сіздің және/немесе Сіздің отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасында/  
Ресей Федерациясында тұрақты тұратын туыстары бар ма \_\_\_\_\_ (иә/жоқ).  
Егер "иә" болса, туыстық дәрежесін және олардың тұратын мекен-жайын  
көрсетіңіз \_\_\_\_\_

24. Қоныстану ұйғарылып отырған жер (мекен-жай көрсетілсін) \_\_\_\_\_

25. Сіздің балаларыңыздан кім және қандай алдын ала егуден өткен \_\_\_\_\_

26. Хабарлау қажет деп есептейтін қосымша мәліметтер \_\_\_\_\_

Маған және менің отбасымның кәмелетке толған мүшелеріне көшуге (қоныс аударуға) рұқсат алуға негіз болатын жалған мәліметтер беру Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоныс аудару процесін реттеу және қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге сәйкес көшу (қоныс аудару) кезінде маған және менің отбасымның мүшелеріне құқықтар мен жеңілдіктер беруден бас тартуға әкеп соғатыны белгілі.

Өтініш берушінің және отбасының онымен бірге қоныс аударуға ниеттенген кәмелетке толған мүшелерінің қолы (тегі, аты-жөні және паспорт деректері көрсетілсін)

(өтініштің толтырылған күні)

Өтініштің тіркелген күні \_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(лауазымы және қолы)

Көшуге (қоныс аударуға) рұқсат беру мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігінің/Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің қорытындысы

М.О. (лауазымы және қолы)

Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің / Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің кетуге кедергі болатын жағдаяттардың бар немесе жоқ екендігі туралы қорытындысы.

Көшуге (қоныс аударуға) рұқсат беруден бас тартуға негіздер:

а) жоқ \_\_\_\_\_

б) бар (көрсетілсін) \_\_\_\_\_  
" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ (лауазымы және қолы)

Көшуге рұқсат берілді N \_\_\_\_\_

(лауазымы және қолы)

М.О.

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Ресей Федерациясының Үкіметі  
арасындағы Қоныс аудару процесін  
реттеу мен қоныс аударушылардың  
құқықтарын қорғау туралы  
1998 жылғы 6 шілдедегі келісімді  
іске асыру тәртібі туралы  
Қазақстан Республикасының  
Көші-қон және демография жөніндегі  
агенттігі мен Ресей Федерациясының  
Ішкі істер министрлігі арасындағы  
х а т т а м а ғ а  
2-қосымша

**Ресей Федерациясынан/Қазақстан Республикасынан  
Қазақстан Республикасына/Ресей Федерациясына  
көшуге (қоныс аударуға) рұқсат  
N**

Т е г і  
А т ы  
Ә к е с і н і ң а т ы  
Т у ғ а н к ү н і ,

Азаматтығы

Қоныс аударушымен келетін отбасы мүшелері туралы мәлімет

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні	Туыстық дәрежесі

Осы құжатты көрсетуші, көшуге (қоныс аударуға) рұқсат алған адам және оның отбасы мүшелері қоныс аударушылар болып табылады, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоныс аудару процесін реттеу және қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімде көзделген құқықтарды пайдаланады және міндеттерді мойнына алады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
К ө ш і қ о н ж әне д е м о г р а ф и я



Ресей Федерациясы  
Ішкі істер министрлігінің  
елшілігі

жөніндегі агенттігінің/  
\_\_\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ N  
қорытындысы негізінде  
Қазақстан Республикасының  
Ресей Федерациясындағы  
елшілігі /  
Ресей Федерациясының  
Қазақстан Республикасындағы  
\_\_\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ берді  
200 \_\_ ж. берілген сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_  
паспорт көрсетілген кезде  
\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін жарамды (органның атауы)

М.О. \_\_\_\_\_  
(қолы) (лауазымы, т.а.ә)

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Ресей Федерациясының Үкіметі  
арасындағы Қоныс аудару процесін  
реттеу мен қоныс аударушылардың  
құқықтарын қорғау туралы  
1998 жылғы 6 шілдедегі келісімді  
іске асыру тәртібі туралы  
Қазақстан Республикасының  
Көші-қон және демография жөніндегі  
агенттігі мен Ресей Федерациясының  
Ішкі істер министрлігі арасындағы  
х а т т а м а ғ а

3-қосымша

Тегі \_\_\_\_\_

Аты-жөні \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған күні және жері \_\_\_\_\_

Сурет \_\_\_\_\_ Тіркеу N \_\_\_\_\_

орны

Қ о н ы с а у д а р у ш ы н ы ң

қолы \_\_\_\_\_

1998 жылғы 6 шілдедегі

Келісімге сәйкес

оның қоныс аударушы  
екенін куәландырады

Қоныс аударушының отбасы мүшелері:

\_\_\_\_\_

негізі: тегі, аты, | Туыстық | Туған күні  
әкесінің | дәрежесі | мен  
аты | | жылы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Куәліктің  
күні  
200\_\_ж.

берілген  
мен орын  
"\_\_"\_\_\_\_\_

Аумақтық  
демография  
басқарманың

көші-қон және  
жөніндегі  
бастығы

М.О.

Қазақстан Республикасының  
Көші-қон және демография  
жөніндегі агенттігі

**Қоныс аударушының  
куәлігі**